

Уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы куәліктің нысаны және оны толтырудың тәртібі туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 10 наурызыдағы № 37 шешімі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 432-бабының 5-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған:

уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы куәліктің нысаны;

Уәкілетті экономикалық операторлар тізбесіне енгізу туралы куәлікті толтырудың тәртібі бекітілсін.

2. Мыналар:

а) уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы куәлік электрондық құжат немесе қағаз жүзіндегі құжат түрінде беріледі;

б) Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 129 шешімімен бекітілген нысан бойынша берілген уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы куәлік осы Шешіммен бекітілген нысандада берілген куәліктермен қатар жарамды болып табылады деп белгіленсін.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы куәліктің нысаны және оны толтырудың тәртібі туралы" 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 129 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Терагасы

M. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2022 жылғы 10 наурызыдағы
№ 37 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы куәліктің НЫСАНЫ

Еуразиялық экономикалық одақтың Эмблемасы (1)

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ (2)

EURASIAN ECONOMIC UNION (3)

Уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы

КУӘЛІК (УЭО)

Authorized Economic Operator (AEO) Certificate

Куәліктің нөмірі

Certificate number _____ (4)

УЭО атаяуы _____ (5)

AEO name _____ (6)

Салықтық нөмері

Taxpayer identification number _____ (7)

Бастап күшіне енеді

Come into force since _____ (8)

_____ (9)

(лауазымы) (аты-жөні мен тегі)

_____ (10)

_____ (қолы/ Signature) _____ (11)

(Position)

(Name, surname)

Еуразиялық экономикалық

комиссия Алқасының

2022 жылғы 10 наурыздағы

№ 37 шешімімен

БЕКІТІЛГЕН

Үәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы қуәлікті толтырудың ТӘРТІБІ

1. Үәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне енгізу туралы қуәліктің (бұдан әрі – қуәлік, тізілім) барлық жолдары толтырылуы тиіс (анықтаманың түпнұсқасында жолдардың нөмірлері жоқ).

2. Куәліктің 1-жолында Еуразиялық экономикалық одақтың эмблемасы көрсетіледі.

3. Куәліктің 2-жолында 2-қатарда жазылған жазу бар:

"ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ

EURASIAN ECONOMIC UNION".

4. Куәліктің 3-жолында 3-қатарда жазылған жазу бар:

"Үәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне енгізу туралы КУӘЛІК (УЭО)
Authorized Economic Operator (AEO) Certificate".

5. Куәліктің 4-жолында қуәліктің нөмірі көрсетіледі, ол былайша қалыптастырылады:

XX/XXXX/X,

1 2 3

Мұнда:

1-элемент Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі - мүше мемлекеттер) коды, оның уәкілетті кеден органы (бұдан әрі – уәкілетті кеден органы) заңды тұлғаны Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген әлім елдерінің сыйыптауышына сәйкес тізлімге енгізу туралы шешім қабылдаған;

2-элемент - мүше мемлекеттердің уәкілетті кеден органы беретін куәліктің "0001" басталатын реттік нөмірі;

3-элемент – берілетін куәліктің үлгісі ("1" - бірінші үлгідегі куәлік, "2" -екінші үлгідегі куәлік, "3" -үшінші үлгідегі куәлік).

Егер заңды тұлға бірінші және екінші үлгідегі куәліктер беріліп, тізлімге енгізілген болса, бірден екі куәліктің үлгісін көрсете отырып, бір куәлікті толтыруға жол берілмейді, куәліктің әрбір түріне жеке нысан толтырылады.

6. Куәліктің 5-жолында тізлімге енгізілетін заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны мен атауы көрсетіледі (осы заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес).

7. Куәліктің 6-жолында тізлімге енгізілген заңды тұлғаның ағылшын тіліндегі ұйымдық-құқықтық нысаны мен атауы көрсетіледі.

8. Куәліктің 7-жолында:

Армения Республикасы үшін – салық төлеушінің есептік нөмірі (СЕН);

Беларусь Республикасы үшін – төлеушінің есептік нөмірі (ТЕН);

Қазақстан Республикасы үшін – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН);

Қыргыз Республикасы үшін – салықтық сәйкестендіру нөмірі (ССН);

Ресей Федерациясы үшін - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (ССН) көрсетіледі.

9. Куәліктің 8-жолында Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 432-бабының 6-тармағына сәйкес айқындалатын кк.аа.жжж (күн, ай, күнтізбелік жыл) форматындағы оның күшіне енгізілетін күні көрсетіледі және үтір арқылы кк.аа.жжж форматында (күн, ай, күнтізбелік жыл) және уәкілетті кеден органының заңды тұлғаны тізлімге енгізу туралы шешімінің нөмірі не егер мұндай шешім мүше мемлекеттің заңнамасында көзделмеген болса, "-" сызықша көрсетіледі.

10. Куәліктің 9-жолында уәкілетті кеден органы басшысының (басшы орынбасарының) лауазымы, аты-жөні және тегі орыс тілінде көрсетіледі.

11. Куәліктің 10-жолында уәкілетті кеден органы басшысының (басшы орынбасарының) қолы қойылады.

12. Куәліктің 11-жолында уәкілетті кеден органы басшысының (басшы орынбасарының) лауазымы, аты-жөні және тегі ағылшын тілінде көрсетіледі.